

**№1 «Ақ тиін»кіші тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы
Желтоқсан айы, I-апта (30.11-04.12.2020жыл)**

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Апталық тақырып: «Қуыршақтың жиһаздары»

Мақсаты: Балаларды жиһаз түрлерімен таныстыру, олардың қолдану аясын түсіндіру, киімдер туралы білімдерін кеңейту. Балаларды заттық ортада қасиеттері мен сапасы туралы түсінігін кеңейту. Бұдыстарды қарау, зерттеу, ажыратып олардың көлемін, түсін, пішінін, бөлшектерін және бөлімдерін атай білуге үйрету. Балаларға қыс мезгілінің, ауа-райының мезгіліне қарай өзгерістерін бақылауға дағдыландыру.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 30.11.2020	Сәрсенбі 02.12.2020	Бейсенбі 03.12.2020	Жұма 04.12.2020
Балаларды қабылдау Ата – аналармен әңгімелесу	8.00-8.40	Ата-аналармен, балалармен амандасу. Балаларды қабылдап, қызуын өлшеу. Тазалықтарын тексеру.			
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)		Дидактикалық ойын: «Бұл қандай көлік?» Мақсаты: Балаларға көлік түрімен таныстырып, қалай аталатынын үйрету.	Саусақ ойыны: «Қуыр, қуыр, қуырмаш» Мақсаты: Балаларға санамақтар айтқызу арқылы тілдерін дамыту.	Үстел үсті ойыны: «Көкөністі құрастыр» Мақсаты: Балаларға берілген екі киылған суретті құрастыруға үйрету.	Суретпен жұмыс: «Бұл не?» Мақсаты: Берілген сурет бойынша не екенін әңгімелеп айту.
Таңертеңгілік жаттығу		Таңертеңгі сауықтыру жаттығулары №4			
Таңғы ас		Балаларға тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішуге, майлықты дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтан соң алғыс айтуға үйрету.			
Ұйымдастырылған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық	8.40-9.15	Дидактикалық ойын: «Қандай түс?» Мақсаты: түстерді ажыратуға үйрету.	Қимылды ойын: «Шарды үреміз» Мақсаты: ойынға қызығушылықтарын арттыру.	Дидактикалық ойын: «Ненің дауысы?» Мақсаты: Есту аппаратын жетілдіру.	Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Аяқ-қол бұлшық еттерін дамыту.

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырлған оқу қызметтері</p>	<p>9.15-9.45</p>	<p>«Қатынас» 1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақтың бөлмесі» Мақсаты: Балаларды жиһаздардың атауын дұрыс атай білуге жаттықтыру, ойлау қабілеттерін дамыту, қойылған сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, дыбыстарды, сөздерді дәл айтуға үйрету. Жүру барысы: Шаттық шеңбер: Күн сәуле шашқанын үшін рахмет! Бұлт жаңбыр сепкенін үшін рахмет! Аспан таза ауан үшін рахмет Ағаш көлеңкен үшін рахмет. Суретпен жұмыс. -Балалар қане бәріміз қуыршақтың үйіне қонаққа барайық,бөлме жиһаздарын көрейікші. «Шығармашылық» 1.Сурет салу Тақырыбы: «Орындық» (табуретка) Мақсаты: Балаларды жиһаздармен таныстыруды жалғастыру, сопақша және тұзу сызықты сыза білуге үйрету, ұсақ қол моторикасын және кеңістікті бағдарлай білуін дамыту. Әсемдікті</p>	<p>«Денсаулық» 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Көкөністерді жинаймыз» Мақсаты: Балаларға күзде пісетін жемістер туралы түсінік беру, көкөністердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Әртүрлі бірақ бір түсті заттарды бөліп алуға жаттықтыра отырып көкөністерді жинау, бір жолмен 3м ге жүгіру. «Таным» 1.Сенсорика Тақырыбы: «Бөлме жабдықтаймыз» Мақсаты: Қонақ бөлмені жабдықтауда жұмсақ және қатты жиһаздармен таныстыра отырып, оларды бір – бірінен ажыратуға, топтастыруға, атын атауға үйрету. Жүру барысы: Суретпен жұмыс:Балаларға жиһаздардың түрлерін көрсету,пішінін ажырата білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Жиһаз түрлерін ата» Мақсаты: Балаларды жиһаздарды танып,</p>	<p>"Таным " 1.Жаратылыстану" Бөлме жиһаздары" Мақсаты: Балаларға үй жиһаздары және олардың қажеттілігі туралы түсіндіру. Үй жиһаздарының бірі – төсек, оның түрлерімен таныстыру, бөлме заттарын ұқыпты, таза ұстауға тәрбиелеу. Жүру барысы:Балалар мына суретке назар аударайықшы. Суретте не бейнеленген -Иә балалар осыларды бір сөзбен айтқанда жиһаздар деп атаймыз. Жиһаздардың түрлері өте көп. Мысалы: ас үй жиһазы, ас үй жиһазына үстел, орындықтар, ыдыстар сөресі және т.б. Осы үй жиһаздары ағаштардан жасалады, ал теледидар әйнектен және пластмассадан жасалады. Ғажайып сәт. Есік қағылып ішке қуыршақ кіреді. Қуыршақ балалармен амандасады. -Сәлеметсіздер ма балалар! -Сәлеметсің бе қуыршақ . Сен мында қайдан жүрсің?</p>	<p>«Денсаулық» 2.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бау-бақшада» Мақсаты: Көкөністер туралы білмідерін кеңейту.Бір -біріне доп домалатуды үйрету.Жерде жатқан жіптен қос аяқпен секіру дамыту.</p>
--	------------------	---	--	---	---

		<p>сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру.</p> <p>Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, ойын, сурет салу, қорытынды.</p> <p>Қажетті құрал-жабдықтар: Тақырыпқа сай суреттер</p> <p>Дидактикалық ойын: «Ғажайып қалта»</p> <p>Мақсаты: Сезім мүшелері арқылы заттарды ажырата білуге үйрету. Тілдік қарым-қатынас іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>дұрыс атауға, «Біртіндеп ал » тапсырмасын түсініп орындауға үйрету, пішінін атай білуге үйрету.</p> <p>Әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, қорытынды.</p>	<p>-Мен қыдырып жүріп сендердің балабақшаларыңды көріп келе жатырмын. Балалар сендердің балабақшаларың өте әдемі екен. Сендердің бөлмелерінде нелер бар?</p> <p>-Теледидар, керует, үстел, отырғыштар.</p> <p>Сөздік жұмыс: жиһаз.</p> <p>Қос тілдік: жиһаз- мебель.</p> <p>-Балалар сендерде топтарында жиһаздар өте көп екен.</p> <p>-Ал менім үйімде жиһаз мүлдем жоқ!</p> <p>-Қуыршақ сен мұңайма біздің балалар өте өнерлі, саған көмектеседі.</p> <p>-Балалар біз қуыршаққа диван жиһазын мүсендеп бересіңдер ме?</p> <p>-Ендеше балалар ермексазды шымшып үзіп алып сопақ, жұмыр мүсіндер сомдап, илеу, жалпақтау бөліктердің қосудың біріктіру тәсілдері арқылы мүсіндейік.</p> <p>-Балалар қуыршақпен бірге бір сергіп алайықшы.</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>«Көңілді қуыршақтар» әуені қосылады.</p> <p>-Балалар енді қуыршақпен</p>	
--	--	--	--	---	--

				<p>коштасатын уақыт келді. -Иә, балалар менің де кететін уақытым болды. Рахмет сендерге балалар, маған диван жиһазын мүсендеп бергендеріңізге сауболиндар.</p> <p>Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, әңгіме, сұрақ-жауап, қорытынды. "Шығармашылық" 1. Мүсіндеу Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған диван» Мақсаты: Балаларды ермексазды шымшып үзіп алуға және сопақ, жұмыр мүсіндер сомдауға жаттықтыру; оларға сопақтау, илеу, жалпақтау жолдарымен мүсіндеу тәсілдерімен үйрету арқылы қызығушылықтарын арттыру, саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қимылын жетілдіру.</p>	
Серуенге дайындық	9.45-10.05	Киімдерін ретімен киюге, аяқ киімдерінің бауларын байлауға үйрету.			
Серуен	10.05-11.30	Бақылау: Күнді Мақсаты: Балаларға күннің пайдасы	Бақылау: Адамдарды Мақсаты: Балаларға адамдардың жас	Бақылау: Көліктерді Мақсаты: Балаларға көше көліктерін бақылату және	Бақылау: Қарды. Мақсаты: Балаларға алғашқы қарды

		өте көп екенін түсіндіру. Оның бізге жылу беретінін айту. 2.Еңбек: Ойын алаңының тазалығын бақылау. 3.Қимылды ойын «Күн мен түн» Мақсаты: балаларды жылдам қимылдауға үйрету тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: Алиге түстерді атату. 5.Еркін ойындар.	ерекшеліктеріне байланысты үлкен-кіші болып бөлінетінін түсіндіріп айту. 2.Еңбек: Ересек топ балаларының еңбектерін бақылау. 3.Қимылды ойын «Тышқан мен мысық» Мақсаты: балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: Гүлнұрға доптын пішіні туралы мағұлмат беріп, және кері сұрақ-жауап алу. 5.Еркін ойындар.	олардың түрі болатынын айтып түсіндіру. 2.Еңбек: Аула сыпырушының еңбегін бақылау. 3.Қимылды ойын: «Ақ қояным тұршы!» Мақсаты: балаларды шапшандыққа үйрету 4.Жеке жұмыс: Айшаға өлең жаттату. 5.Еркін ойындар.	терезеден бақылату. 2.Еңбек: Балабақша ауласының тазалығын бақылау. 3.Қимылды ойын: «Торғайлар мен мысық» Мақсаты: балаларды жылдам жүгіруге, қозғалуға үйрету. 4.Жеке жұмыс: Ибрахимге қыстық киімдерді атату және оларды қай мезгілде киетінін сұрау. 5.Еркін ойындар.
Серуеннен оралу	11.30-11.50	Балаларға аяқ киімдерін шешіп, киімдерін ретімен шешіп, жинап қояды дағдыландыру. Қолдарын, білектерін сабындап жууға үйрету, құрғатып сүртуге дағдыландыру.			
Түскі ас	11.50-12.30	Тамақтану кезінде тыныш отыруға дағдыландыру. Астарына дәмділік тілеу. Ауыз қуыстарын шаю. Киімдерін ретімен шешу. «Рахмет» сөзін айтқызу.			
Түскі ұйқы	12.30-15.00	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.			
		Жәй әуенмен ұйықтату.	Ж. Байырбекованың «Тэй-тэй» әнімен ұйықтату.	Балаларды "Күлше қыз" ертегісімен ұйықтату.	М. Әуелбекованың «Балапаным» әнімен ұйықтату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	15.00-15.30	Музыка әуенімен біртіндеп тұрғызу.			
Бесін ас	15.30-	Балаларға астарына дәмділік тілеу, тамақты төкпей ішуге тәрбиелеу. Тамақтан соң рахмет сөзін айтқызу,			

	16.00	майлықты қолдандыру.			
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйке	16.00-16.20	Доппен ойындар ұйымдастыру: бір-біріне жалғау, домалату. Ойынға барлық балаларды қатыстыру.	«Топ-топ» әнін балалармен қосылып бір-бірінен қалыспай, бірге айтуға үйрету.	Қимылды ойын: «Менің көңілді добым» Мақсаты: балаларды екі аяқпен секіруге, тыңдап, соңғы сөз айтылғанда ғана жүгіруге дағдыландыру.	Дидактикалық ойын: «Жануарлардың төлдерін тап» атап, төлдерін табуға үйрету. Қайсарға ойыншықтарды шашпай ойнауға үйрету.
Серуенге дайындық	16.20-16.40	Балаларға киімдерін ретімен киюге дағдыландыру.			
Серуен	16.40-17.40	Бақылау: Кешкі ауа райын бақылау. Мақсаты: Кешкі уақытта қаранғының ерте түсуін түсіндіру. Қимылды ойын: «Ақ қояным атып шық» Мақсаты: балалардың жылдамдықтарын дамыту. Еркін ойындар.	Бақылау: Алғашы қарды Мақсаты: Балаларға қардың түсін, қолға ұстағанда неге тез ерейтінін түсіндіру. Қимылды ойын: «Маймылдар» Мақсаты: балалардың қимыл-қозғалыстарын жетілдіру. Еркін ойындар.	Бақылау: Үйлерді Мақсаты: Балаларға үйлердің әртүрлі болатынын айту, мағұлмат беру. Қимылды ойын: «Допты домалат» Мақсаты: балаларды доппен ойнауға дағдыландыру. Еркін ойындар.	Бақылау: Көліктерді Мақсаты: Балаларға көліктердің түрлерін (жүк көлік, жеңіл көлік т.б.) айырмашылықтарын түсіндіру. Қимылды ойын: «Күн мен түн» Мақсаты: балаларды ойынға қызығушылықтарын арттыру. Еркін ойындар.
Серуеннен оралу	17.40-18.00	Қатармен жүру дағдыларын дамыту. Өз беттерімен шешініп, киімдерін реттеп жинауларына үйретуді жалғастыру.			
Балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Балаларды мадақтау	Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.	Балаларға үйге сұрануды үйрету.	Демалыстарына сәттілік тілеп, қоштасу.